

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗҚ студенттерге арналған онлайн-дәріс өткізді

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстандық зейнетақы жүйесінің ерекшеліктері туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын белсенді түрде жалғастыруды. БЖЗҚ-ның халықпен тілдесу үшін таңдаған бұл жолғы тәсілі – Қордың болашақ салымшылары, жоғарғы оку орындарының студенттеріне арналған онлайн-лекция болды.

Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің бакалаврлары және магистранттарымен кездесу қашықтықтан онлайн пішімде өтті және жүзден астам қатысуышыны жинады. Дәріс барысында Қор басшылығы мен мамандары әлемде қандай зейнетақы модельдері бар екенін, қазақстандық зейнетақы жүйесі қалай жұмыс істейтінін қолжетімді түрде түсіндірді, көрнекілік кестелердің көмегімен үйлестіруші зейнетақы жүйесінен жинақтаушы жүйеге көшу қажеттілігін және көптеген басқа да мәселелерді түсіндірді.

Математикалық мамандық студенттерін БЖЗҚ-ның актуарлық есептері туралы таныстыру тұсаукесері көбірек қызықтырды. Атап айтқанда, Қазақстандағы демографиялық үрдістер және олардың ел экономикасына әсері студенттерді елең еткізді. Өйткені, БЖЗҚ-ның да, БҰҰ-ның да болжамдарына сәйкес Қазақстанда 65 жас және одан жоғары жастағы халық үлесінің екі есеге ұлғаюы (БЖЗҚ болжамы бойынша ағымдағы 7,3%-дан 14,2%-ға дейін және БҰҰ болжамы бойынша 14,1%-ға дейін) орын алуды мүмкін. Бұған қоса, Қазақстан халқының қартауы нәтижесінде халық үлесінің 25 жасқа дейінгі (БЖЗҚ болжамы бойынша -3,2% және БҰҰ болжамы бойынша -4,5%) және 25 жастан 65 жасқа дейінгі «еңбекке қабілетті жастағы халық» үлесінің (БЖЗҚ болжамы бойынша -3,1% және БҰҰ болжамы бойынша -1,7%) төмендегені байқалады.

ХАТУ ерекшелігіне және ондағы ақпараттық технологиялар мамандықтарының көптігіне байланысты онлайн-кездесудің тұластай бір бөлігі БЖЗҚ-ның электрондық сервистері мен ақпараттық жүйелерінің жұмысына арналды. Коронавирус індегіне және енгізілген шектеу шараларына байланысты Қор қызметкерлерінің едәуір бөлігі қашықтықтан жұмыс істеу режиміне ауыстырылды, бірақ бұл БЖЗҚ-ның толыққанды жұмыс істеуіне кедергі болмады. Сондай-ақ, жаңа технологиялардың дамуы мен Қор салымшылары үшін барлық қызметтердің электрондық жүйелерінің жақсы жұмыс істеуінің арқасында 2020 жылы қызметтердің 92% астамы онлайн форматта өткізілді. Откен жылмен салыстырганда электрондық қызметтердің танымалдығы 15,2% өсті. Қазіргі уақытта қызметтердің толық спектрін салымшылардың көвшілігі үйден шықпай-ақ алады. Сонымен қатар кездесу барысында ақпаратты жинау, іздеу, сактау, өндөу үдерісі мен әдісі бойынша жұмыстың қыр-сыры талқыланды.

БЖЗҚ жастарға айналып соқпай қоймайтын көрілікті лайықты қарсы алу үшін өздерінің зейнетақы шоттарын жүйелі түрде толықтырудың қаншалықты маңызды екенін түсіндіру мақсатында болашақта студенттермен осындағы кездесулерді тұрақты түрде өткізуі жоспарлап отыр.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы I қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыга (алушыга) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).